

**«Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды
реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі қызметіне жүргізілген
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
қоғамдық талқылау бойынша**

ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қ.

14 сәуір 2025 жыл

Төрағалық етті: Е.Мырзабек

Хатшы: Ә. Ноғайбеков

Қатысқандар: Басқарма қызметкерлері

Күн тәртібі:

«Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы қоғамдық талқылау

Жұмыс тобының мүшелері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және 2025 жылғы 20 наурыздағы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқарма басшысының №37-н бұйрығына сәйкес «Жетісу облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2025 жылғы 01-21 сәуірге дейін ішкі талдау жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау кезеңі 2024 жылдың II-IV тоқсаны белгіленіп, келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Басқарманың ұйымдастырушылық – басшылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

«Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік – процестік кодексі» талаптарын қатаң сақтау, сондай-ақ басқарма қызметкерлері арасында «Е – Өтініш» платформасындағы өтініштерді қарау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу және басшылық тарапынан қатаң бақылауда ұстау ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №18-02/405 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орман қоры аумағында орманды жанама пайдалану қағидаларына» (бұдан әрі – Қағида) сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы:

мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдаланушы арасында жасалатын қысқа мерзімді орман пайдалану шарты негізінде бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге туындайды.

Қағидаға сәйкес, мемлекеттік орман қоры учаскелеріне қысқа мерзімді орман пайдалану құқығын беру кезінде тендерлер өткізілмейді.

Қысқа мерзімді орман пайдалану құқығын тендерлік түрде берілмеуі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелдерін тудыруы мүмкін.

Сондықтан, орман шаруашылығы мекемелерінің жұмысында ашықтық пен айқындықты қалыптастыру, орман пайдаланушылар арасында адал бәсекелестікті қалыптастыру және қатысушылардың сөз байласуына жол бермеу мақсатында, тұрақты негізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттау, жұмысты барынша ашық түрде жүргізу ұсынылды. Отандық тауар өндірушілерді қолдау шеңберінде бюрократиялық рәсімдерді оңтайландыру мақсатында келесі бастама ұсынылды:

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шеңберінде бюрократиялық рәсімдерді оңтайландыру мақсатында Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы саласында келесі өзгерісті енгізу ұсынылды. 2022 жылғы 24 мамырдағы №180 бұйрықпен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес, қызмет көрсету мерзімі – 2 жұмыс күні. Құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын жан-жақты қарау үшін бұл мерзімді 3 жұмыс күні етіп белгілеу ұсынылды.

Бұл мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде аффилирлену фактілеріне жол бермеуді бақылау жалғастыру.

Талқылау қорытындысы бойынша ұсыныстар бірауыздан қолдау тапты.

Төраға

Е. Мырзабек

Хатшы

Ә. Ноғайбеков

Жұмыс тобының мүшелері:

К. Даурембеков

М. Дарикбаев

Ш. Мейрманова

